

Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар

1. Өтініш беруші АЭА қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру үшін ұсынатын жобаның ТЭН құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1. жобаға кіріспе;
2. жобаның түйіндемесі;
3. жобаның жалпы сипаттамасы;
4. өнімді (қызметтерді) маркетингтеу және өткізу;
5. өндірістік жоспар;
6. қаржы-экономикалық бөлім;
7. қосымшалар.

2. «Жобаға кіріспе» бөлімі

«Жобаға кіріспе» бөлімінде АЭА жобасын іске асыру көзделетін әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық, географиялық, инженерлік-геологиялық жағдайлар сипатталады. Сондай-ақ, осы бөлімде АЭА аумағында жоба құру арқылы ішінара немесе толық шешуге болатын проблемалар көрсетіледі.

3. «Жобаның түйіндемесі» бөлімі

«Жобаның түйіндемесі» бөлімінде қысқаша сипаттама, жобаның тиімділігі, негізгі қызмет бағыттары, оның ішінде қуаты, жоба компоненттері, іс-қимыл жоспары, қаржыландырудың болжамды көздері мен схемалары, сондай-ақ АЭА жобасын іске асыру мерзімі қамтылады.

4. «Жобаның жалпы сипаттамасы» бөлімі

«Жобаның жалпы сипаттамасы» бөлімінде жобаны және оның нарықтағы орнын, ұйымдық-құқықтық нысанын, негізгі қызмет түрлерін, жетістіктерін, жобаның негізгі қаржылық көрсеткіштерін сипаттау қажет.

Жобаның жалпы сипаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1. өнімнің, тауардың, қызметтің атауы;
2. өтініш беруші туралы жалпы мәліметтер (қашан, қайда және кім құрғаны, қызметкерлер саны, жарғылық капитал, негізгі және айналым қаражаты);
3. қаржы-экономикалық көрсеткіштер (жобаның көлемі);
4. басқару құрылымы;
5. кадрлық құрам (басшы топ пен жетекші мамандардың біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі, персоналға қойылатын талаптар мен білімі);
6. еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормалары;
7. қызмет бағыттары;
8. экономика саласы және оның перспективалары;
9. өңірді дамытуға қосқан үлесі, қоғамдық және әлеуметтік белсенділік (өңір экономикасындағы рөлі, өңірлік проблемаларды шешуге қатысуы, демеушілік және қайырымдылық, қоғамдық бірлестіктерге қатысуы);
10. экспорттау немесе импортты алмастыру мүмкіндігі;
11. өнімнің (қызметтердің) бәсекеге қабілеттілігі;
12. дайындық дәрежесі (ғылыми-техникалық құжаттама, макет);
13. патентке қабілеттілік және авторлық құқықтар;
14. лицензия мен сапа сертификатының болуы және қажеттілігі;
15. қауіпсіздік және экологиялық таза болуы.

5. «Өнімді (қызметтерді) маркетингтеу және өткізу» бөлімі

«Өнімді (қызметтерді) маркетингтеу және өткізу» бөлімі АЭА аумағында жобаны іске асыру нәтижесінде өндірілетін (көрсетілетін) өнім (қызмет) түрлеріне қолданыстағы және перспективалы (жобаны АЭА аумағында дамыту және жұмыс істету кезеңіне) сұранысты бағалауды көрсетеді. Бұл бөлімде маркетингтік талдау (нарық сипаттамасы, өнімді тұтынушылар), маркетингтік жоспар (өнімді

нарыққа жылжыту стратегиясы — баға саясаты, жарнама, сату жүйесі, сатудан кейінгі қызмет көрсету, сату көлемі), өндіріс ұсынатын тауарлар мен қызметтердің сипаттамасы, оларды пайдалану мүмкіндіктері, стандарттарға сәйкестігі, олардың тартымды жақтары, өнімге талдау көрсетілуі қажет.

6. «Өндірістік жоспар» бөлімі

«Өндірістік жоспар» бөлімінде технологиялық процестің сипаттамасы қамтылады және жобаны ұйымдастыруға жалпы көзқарас көрсетіледі, шикізат пен материалдардың, технологиялық жабдықтың көздері (атауы және негізгі сипаттамалары), жобаның үй-жайларға, коммуникацияларға, энергия көздеріне қажеттілігі, еңбек ресурстарына қатысты талаптар (персонал, еңбекақы төлеу және ынталандыру шарттары, еңбек жағдайлары, бөлімшелердің құрылымы мен құрамы, персоналды оқыту, жоба дамыған сайын персонал құрылымындағы болжамды өзгерістер) көрсетіледі.

7. «Қаржы-экономикалық бөлім»

«Қаржы-экономикалық бөлім» қаржыландырудың балама схемалары мен көздерін бағалаумен қатар қаржылық шығындар мен кірістерді бағалауды, жобаларды құру талдауын, ақша қаражатының қозғалысы, пайда мен шығын туралы есепті, республика (өңір) экономикасы тұрғысынан АЭА аумағындағы жобаның тиімділік көрсеткіштерін қамтиды.

Бұл бөлім мыналарды қамтиды:

1. инфрақұрылым объектілерін салуға арналған шығындарды қоса алғанда, жобаны құруға арналған болжамды шығындарды бағалау;
2. жалпы инвестициялық шығындарды есептеу, қаржыландыруға деген қажеттілікті бөлу;
3. өндірістік шығындарды есептеу (пайдалану шығындары);
4. жобаны қаржылық талдау, оның ішінде:
 - қаржылық бағалаудың қарапайым әдістерімен жүргізілетін жоба талдауы, оның ішінде өтелу мерзімін, қарапайым пайда нормасын, берешекті жабу коэффициентін есептеу; қаржыландыру схемасын, көздерін, шарттарын және олардың балама нұсқаларын талдау;
 - негізгі тәуекел факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын қаржылық тәуекелдерді бағалау;
5. жобаның тәуекелдерін талдау;
6. жобаның АЭА аумақтарында және аумақтарынан тыс экономикалық жағдайын талдау;
7. экономикалық пайда мен шығындарды бағалау, оның ішінде нәтижелерді, салдарлар мен әсерлерді талдау, шығындар тиімділігін талдау және өлшенбейтін пайдалар, өсімше пайдалар мен шығындар, тұтынушының қосымша пайдалары, қайтарылмайтын шығындар, сыртқы әсерлер, халықаралық әсерлер, жанама пайдалар.

8. «Қосымшалар» бөлімі

АЭА аумақтарындағы жобаның «Қосымшалар» бөлімі шығыстардың егжей-тегжейлі кестелері, маркетингтік зерттеулердің нәтижелері, аудиторлардың қорытындылары, өнім үлгілерінің фотосуреттері, өтелу графиктері және техникалық-экономикалық негіздемеде келтірілген ақпаратты растайтын және ашатын өзге де материалдар, құжаттар түрінде қосымша деректерді қамтуы мүмкін.